

Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 9 шілдедегі N 116/18-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2008 жылғы 15 тамызда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 542 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 410/54-IV Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2010.12.13 N 410/54-IV Шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" Заңының 8-бабын және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабын басшылыққа ала отырып, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2007 жылғы 23 қарашада N 478 болып тіркелген, 2007 жылғы 29 қарашадағы N 192-194 "Астана хабары", 2007 жылғы 29 қарашадағы N 187 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған, Астана қаласы мәслихатының 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 50/8-IV "Астана қаласы мәслихатының 2007 жылғы 17 қазандағы N 16/4-IV "Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімімен енгізілген өзгерістермен қоса (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2008 жылғы 3 наурызда N 491 болып тіркелген, 2008 жылғы 8 наурыздағы N 32-33 "Астана хабары", 2008 жылғы 8 наурыздағы N 27 "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету Қағидаларында :
мәтіндегі "Департамент", "Департаментпен", "Департаментіне" деген сөздер "Басқармасы", "Басқармамен", "Басқармасына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8 тармақ 6-1) тармақшасымен мынадай мазмұнда толықтырылсын:

"6-1) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар - ата-ана құқықтарының шектелуіне немесе олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануына, әрекетке қабілетсіз (әрекет қабілеті шектеулі) деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғызбасты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған балалар;"

19-тармақтың 1)-тармақшасында "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-8-баптарымен мәртебесі анықталған" деген сөздер алынып тасталсын;

21-тармақ "азаматтарға" деген сөзінен кейін ", жеке куәлікті және жол жүру билетін пайдалану құқығы расталған куәлік көрсеткен кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

47-тармақта:

2)-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) салынған жеке тұрғын үйде тіркелген және тұратын Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабарсыз кеткен) жауынгерлердің екінші рет некеге тұрмаған жесірлеріне , сондай-ақ "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6, 8-баптарымен мәртебесі анықталған жеңілдіктер мен кепілдіктер жағынан Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдарға - ақшалай түрінде беріледі.";

47 тармақтың екінші бөлімі "беріледі" сөзінен кейін ", тұрғылықты жерін ауыстырған жағдайда осы құқығы тағы да ұсынылады";

48-тармақта "тілек білдірген" деген сөздер алынып тасталсын;

54-тармақ мынадай мазмұнды абзацпен толықтырылсын:

"Тұрғын үй газбен жабдықталмаған, ал электр қуатын тамақ дайындау үшін қолданылатыны жөнінде құжат болғанда газбен жабдықтау жөнінде төмендегі нормативтері шегінде - 200 кВт адамға газға төленетін төлем есебіне электр қуатына белгіленген шамадан жоғары төлейді, бірақ 400 кВт үйге астам емес.";

59-тармақ "көмек" деген сөзінен кейін "өтініш берген айдан бастап" деген сөздермен толықтырылсын;

61-1-тармақ мынадай мазмұны жазылсын:

"61-1. Коммуналдық қызметтерді төлеуге Әлеуметтік көмекке құқығы бар

бірнеше адамдар бір тұрғылықты мекен-жайы бойынша тіркелген жағдайда Әлеуметтік көмек тек қана біреуіне беріледі."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

мәслихатының сессия төрағасы

А с т а н а қ а л а с ы

С.Богатырев

мәслихатының хатшысы

А с т а н а қ а л а с ы

В.Редкокашин

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК